**Көкшетау қалалық**
**мәслихатының төрағасы**
**Д. Әкімовке**

**Көкшетау қаласы Қоғамдық**
**кеңесі төрағасы**
**С. Кәкеновке**

V копия.

**Армысыздар!**
**Қайырлы күн, құрметті төрағалар және әріптестер!!!**

Бізді, дана атабабаларымыздың «Ел болам десең-бесігіңді түзе», «Тәрбие басы – тал бесік», «Ана-бір қолымен бесік тербетсе-екінші қолымен дүниені тербетеді», «Үлкен тұрғанда-кіші сөйлемес», «Ұят болады, обал болады, жаман болады» - деген, нақыл сөздерімен сусындап, қазақи ата-баба салт-дәстүрлерімізді бойымызға мейлінше сіңіре өскен, аға-орта буын өкілдерін, өскелең ұл-қыздарымыздың, ұрпағымыздың, тәуелсіз қазақ еліне, өсіп-өркендеуі жолына бұдан әрі қосар үлестері алаңдатады.

Осы орайда, сіздердің тарапқа төмендегі ұсынысымды жолдап отырмын:

- Бүгінгі күндері, қала көшелері бойында орналасқан сыртқы жарнамалық ақпараттық құралдарында, көбіне көретініміз қалай болса солай, сауатсыз баска, шетел тілдерімен шимай-шатақ жазылған сауда-саттық жарнамалары, соңғы кезде көбіне ресей бағытында ашылған сауда орталықтары, тезтамақтану, кофе орталықтары өнімдерін кеңінен насихаттау орыналуда. Салынып, пайдаланымға беріліп жатқан тұрғын үй, ғимараттар, имараттардың және сауда, кофе орталықтары атауларының өзіне қазақтың иісі шығар атаулар беру бұйырмауда, атаулардың басым көпшілігі түсүніксіз, шетел тілінде жазылуда, осыған қарап біз осы, қай елде тұрып жатырмыз – деген, ойға қаласыз. Жоғарыдағыларды ескере отыра, осынау келеңсіздікті түбірімен жою, бұдан әрі, өскелең ұрпағымыздың санасын улауды доғарту мақсатында, құзырлы органдар басшылары, облыс және қала мәслихаттарының жаңа шақырылымы депутаттарының, қоғамдық кеңес мүшелері, қоғам белсенеділерінен арнайы комиссия құрып, қала көшелері бойында орналасқан сыртқы жарнамалық құралдары, сауда нүктелері, орталықтары, салынған және салынып жатқан тұрғынүйлер кешендері толығымен визуалды шолудан өткізіліп, шолу қорытындысымен, анықталған жөнсіздіктер мен заң бұзушылықтарды жою, қалпына келтіру мәселесі түбегейлі шешімін тапсын.;

- Көптеген, өзекті мәселелердің бірі, қазір біздің елде көше атауларын өзгерту, қайта атау кезінде белең алып отырған керағар үрдіс, ол еліміздің өркендеуіне еңбектері сіңбеген қалталы, билікке жақын адамдарға көше аттарын халықтың, қоғамның талқылауынсыз ұстата салу және заң талаптарына сай келмейтін ескерткіштер, бюсттер орнату белең алып отыр. Бұл келеңсіз үрдісті, уақытылы

КІРІС № 04-05/699
06 11 23

тоқтатпасақ өсіп келе жатқан жас ұрпаққа, ертеңгі күні не-деп, айтамыз? – деген сұрақ еріксіз туындайды. Сол үшін, көше атауларын қайыра өзгерту ісшараларын өткізу, қоғамдық талқылау процедурасын, нақтылы қатаң түрде, алдынала хабарландыру, құлақтандыру арқылы кең аудиторияны қамтумен шешкен өте дұрыс болады.

Бұл мәселе бойынша мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев премьер-министр, орталық мемлекеттік органдар басшылары, облыстар мен Астана, Алматы, Шымкент қалалары әкімдерінің қатысуымен ағымдағы 2023 жылы алқалы кеңес өткізу барысында ел аймақтарында орнатылып жатқан ескерткіштер туралы төмендегі пікірін, яғни: - «Белгілі аймақта ғана белгілі адамдарға ескерткіш орнатудың сәнге айналғанын, өмірбаяндардың ойдан құрастырылатынын, "Жергілікті ономастика комиссиялары бұған жол бермеуге тиіс екені, орынсыз шешімдерге Республикалық комиссия тосқауыл қоюы керегі екені, әркім өз бабасына ескерткіш қоя берсе, елде рушылдық, жершілдік белең алатынын. Осыған назар аудару керегін. Кеңестік кезең қайраткерлеріне, соның ішінде жаппай қуғын-сүргінге тікелей қатысы бар адамдарға ескерткіш, бюст орнату ісі әлі жалғасып келетінін. Өмірде болмаған ерлік істерге толы өмірбаяндар ойдан құрастырылып жатырғанын, олар туралы деректер архив құжаттарында нақтыланбаған немесе мүлде болмасада, кейбір белсенді топтар, азаматтарымызды кеңестік кезеңдегі партия және мемлекет қайраткерлерінің аңызға бергісіз өмірбаяндарына сенуге мәжбүрлеп жүр" –деп, пікірін білдіріп, тапсырмалар берген болатын. Осы, тапсырма аясында, қаламыздың Мұхтар Әуезов көшесінің «Өлкетану мұражайы» қасында орнатылған «Көкшетау облысының рекордты көлемде өнім жинауына орнатылған ескерткіш тақта» тарихи-мәдени мұра ескерткіштеріне жатпайтын және үкімет қорғауында жоқ парктік мүсінін заң талабына сәйкес рәсімдеп, қаламыздың Абай көшесі бойында облыстық прокуратура маңында ертеректе, жертелімін рәсімдемей, Ақмола облысының тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау жөніндегі комиссия отырысының шешімінсіз, тарихи-мәдени сараптама қорытындысыз, «Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы» Қазақстан Республикасы заңына сәйкес емес, орнатылған Ғалым Елемесов бюстін алып тастау(басқа орынға көшіру), сонымен қатар соңғы кездері әлеуметтік желілерде идеологиялық тұрғыдан ескірген, Кеңес Үкіметі кезеңіне жататын ескерткіштерді көшіріп орынын ауыстыру туралы мәселесі қызу талқыланып, оларды бұзу туралы өтініштер мемлекеттік мекемелерге келіп түсуде. Көкшетау қаласының орталық қалалық саябағында орналасқан кеңестік кезеңге жататын В. Ленин ескерткіші.; 1919 жылғы маусымда Кеңес Үкіметін орнату үшін күрескерлердің жерлеу орны.; Көкшетау қаласының тарихы музей аумағында орналасқан В. Куйбышев ескерткіші; бұрынғы Теміржолшылар саябағында орналасқан 1918 жылы маусымда Кеңес үкіметін орнатушы күрескерлердің бауырластар зираты (60 адам) монументалды ескерткіші бар. Бүгінгі таңда Республикамыздың кейбір өңірлерінде, атап айтсақ, Павлодар облысының Ақсу қаласында және Шығыс Қазақстан облысының Өскемен қаласында кеңестік кезең ескерткіштерін бір орынға біріктіріп, аллея ашу үрдісі қолға алынуда.

Ескерткіштердің орынын ауыстыру Ақмола облысының тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау жөніндегі комиссия отырысының шешімімен, тарихи-мәдени сараптама қорытынды негізінде жүзеге асырылады.

Жоғарыда айтылғандарға байланысты, сіздерден, идеологиялық тұрғыдан ескірген Кеңес Үкіметі кезеңіне жататын ескерткіштердің жағдайын жақсарту

мақсатында оларды көшіру (ауыстыру) үшін жер учаскесін бөлу, аллея салу, ескеткіштер мен архитектуралық формаларды көшіру, заңсыз орнатылған ескерткіштер, бюсттер, архитектуралық формаларды демонтаж жасау, көшіру, орынсыз көше атауларын бергізу, еңбектері сіңбеген тұлғаларға жапатармағай ескерткіштер, бюсттер орнату мәселесін доғартуды, шара қолдануды, уақыт талабы деп карауды ұсынамыз.;

- Қазақ билерінің, ұлт зиялыларының, батыр-жазушылардың, этнограф-ғалымдардың жазып қалдырған нақыл сөздері, қара сөздері, өсиеттері қала көшелерінде, жол бойында орналасқан билбордтарда автор суреттерімен қоса жазылып, үнемі насихатталып отырса өскелең ұрпақ тәрбиесі жолында қосар үлесі мол болар еді, осы орайда Көкшетау- Астана бағытындағы «Қазавтожол» ҰК тиесілі автобам бойында Ақкөл ауданының, «Еңбек» ауылының тұсында Кеңес Одағының батыры, даңқты қолбасшы, тәуелсіз Қазақ елінің алғашқы Қорғаныс министрі, армия генералы - **Сағадат Қожахметұлы Нұрмағанбетов** сынды тарихи тұлғаға бүгінгі күндегі орнатылған көмескі билборд еш сын көтермесі хақ, осы орайда, қазақ елінің батыр ұланын лайықты дәріптеу, көпшілікке, алыс жақын елдерден келетін жүргіншілерге, туристерге кеңінен таныстыра отыру, ең бастысы өскелең ұрпақтың отанға деген патриоттық сезімдерін ояту, бойларына сіңдіру мақсатында, келесіні, яғни: автобам бойының осы тұсында жүргіншілер тоқтайтын заманауи автотұрақ (парковка) орналастыру, тұғыры биік, көрнекі бүкіл өмірбаяны (туғаннан, өмірден озғанша жүріп өткен даңқты, ерлікке толы жолы туралы толық мағлұмат, ақпарат), көркемсуреті орналасқан, көлемді, түн мезгілінде самаладай жарқырап жанып тұратын лайықты билборд-лайтбокс орналастыру керек. Көкшетау қаласына «Сағадат Нұрмағанбетов қоғамдық қоры»- н бірлесе отыра, халық болып көтеріп ескерткіші қойылса, саябақ ашылып, мұражай ашылса құба-құп болар еді;

- Батырларымызды, мәңгі есте қалдыра отырып, қастерлеу, кейінгі өскелең ұрпаққа, тәрбиелік мақсатында Бауыржан Момышұлы көшесі бойында орналасқан аллеяны қайта реконструкция жасап, қазіргі «батыр қалалар» орнына, сол сұрапыл кезеңде ел қорғаған Қазақ даласынан шыққан: **Бауыржан Момышұлы, Қасым Қайсенов, Рахымжан Қошқарбаев, Сағадат Нұрмағанбетов, Сабыр Рахымов, Мәлік Ғабдуллин, Талғат Бигелдинов, Әди Шәріпов, Исатай Сүйінбаев, Хиуаз Доспанова, Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова сынды** батырларымыздың даңққа толы өмірбаяндары жазылған тақталар (электронды планшет түрінде де) орналастырса тарихи әділдік болар еді және өскелең ұрпаққа ұлттық-патриоттық сана-сезімдерін оята отыра тәлім-тәрбиелік мәні зор болары хақ.;

- Күні кеше ғана, алаш ардақтысы, ұлт көсемі, ағартушы-ғалым, ұлт ұстазы, алғашқы Омбы қаласында ашылған «Қазақ» газетінің редакторы Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл толуы ұлттық, дүниежүзілік деңгейде кеңінен аталып, ЮНЕСКО тарапына тойланып, мәдени іс-шаралар өткізіліп көршілес, түркітілдес мемлекеттер Әзірбайжанда Сумгаит, Түркияда Стамбұл қалаларында ескерткіштер орнатылып, ғылыми-шығармашылық конференциялар, симпозимудар өткізіліп, ол іс-шараларға ел Президенті Қ.Ж. Тоқаевтің тікелей қатысқаны көпшілікке мәлім, енді осынау ұлт мақтанышына лайықты көше қайта

беру (қазіргі берілген көше деген тек аты ғана, айтуға тұрмайды, көше өтпесі-ден, айтуға болады), ескерткіш орнату мәселесі біздің облыс орталығында ұмытылған тәрізді. Естеріңізде болса, еліміздің Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтің ағымдағы жылдың 16 наурыздағы бауырлас ел Түркия мемлекетіне Түркітілдес мемлекеттер ұйымының кезектентыс саммитіне қатысуға байланысты жұмыс сапары барысында, жуырда Анкара қаласында ұлт ұстазы – Ахмет Байтұрсынұлы ескерткішін ашу салтанатты іс-шарасына қатысқан болатын.

Осы мақсатта, өздеріңіз және халық тарапынан Ахмет Байтұрсынұлының атына лайықты, қазіргі Назарбаев даңғылын қайыра беру мәселесін және көше басына осынау тарихи тұлғаны мәңгі қастерлеу мақсатында мүсінін орнату, орайы келсе жаңадан ашылуға жоспарланып, құрылыс мерзімі созылып кеткен бұрынғы «Революционерлер саябағы» қазіргі «Алаш арыстары» саябағына қазақтың бес арысы - **Ахмет Байтұрсынов, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов, Міржақып Дулатов.; үш бәйтерек - Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин** бюсттері мен өмірбаяндары толығымен жазылған ақпараттық тақталар орнату мәселесін қарастыру кешелі-бүгүнгі мәселе-деп, қарастыруларыңызды сұраймыз.;

- Жалпы қазақ қоғамына белгілі жазушы, этнограф-ғалым Сейіт **Кенжеахметовтың** этнографиялық-танымдық еңбектері: «Жеті қазына» атты 4 кітаптан тұратын ұлт мәдениетіне арналған ғылыми еңбегі, «Қазақ халқының салт-дәстүрлері» (2004 — 2007), «Қазақтың дархан дастарханы» (2006 — 2007) атты көлемді энциклопедиялық еңбектері, қазақ, орыс, ағылшын, қытай, түрік, әзірбайжан, тағыда баска тілдерде басылып шығып, әлемнің 30-дан астам мемлекеттеріне тараған «Қазақ халқының тұрмысы мен мәдениеті» деп аталатын этнографиялық танымдық еңбектерін толыққанды пайдалану аясын Қазақ», «Шалқар» радиолары шеңберінде шектемей, мектепке дейінгі білім беру, мектептік әдістемелік оқу құралдарына кіргізіліп, жалпылама оқылатын көркем әдебиет кітаптары болып көп тиражда шығарылуы керек, осыны қолға алсақ.;

- «Қазақ», «Шалқар» ұлттық радиолары, танымал отандық кинорежиссерлер Кеңес Ракышев, Талғат Теменов, Сатыбалды Нарымбаев, есімдері жалпы қазақ еліне мәлім Кеңес Одағының Батыры, даңқты қолбасшы, қарымды жазушы Бауыржан Момышұлының келіні, ұлт анасы - Зейнеп Ахметова, қазақ тілінің жанашыры Асылы Османова апаларымыз сияқты қоғам қайраткерлерімен біріге, әрісі Қазақ хандығын алғашқы құрушылар Керей мен Жәнібек хандардан бастап, бергісі Қабанбай, Бөгенбай, Шақшақ Жәнібек, Исатай мен Махамбет батырлар, Кенесары Қасымұлы, қазақтың бесарысы - **Ахмет Байтұрсынов, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов, Міржақып Дулатов.; үш бәйтерек - Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин, батырларымыз Бауыржан Момышұлы, Қасым Қайсенов, Рахымжан Қошқарбаев, Сағадат Нұрмағанбетов, Сабыр Рахымов, Мәлік Ғабдуллин, Талғат Бигелдинов, Әди Шәріпов, Исатай Сүйінбаев, Хиуаз Доспанова, Рақымжан Қошқарбаев, Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова сынды,** бергінгі, алғашқы отандық ғарышкер, әскери сынақшы-ұшқыш Кеңес Одағының Батыры, Халық Қахарманы ұлт мақтанышы Тоқтар Әубәкіров тағысын тағы көптеген ұлт мақтаныштары жайлы тарихи-тағылымды документальды, көркемсурет кинотуындыларын шығарса, балабақшаларда осы кісілердің суреттері

мен өмірбаяндары жазылған көрнекі тақталар орнату, әдістемелік оқулықтарға толыққанды кіргізіліп, мектепке дейінгі, орта және жоғары оқу орындарында міндетті пән есебінде кіргізіліп оқытылуы қарастырылса.;

- «Көкшетау, сексен көлдің аясында»-деп, Сәкен Сейфуллин жырлап өткенімен, қала тұрғындарының таза ауыз-сумен қамтылу мәселесі, көптеген жылдардан бері шешілмей кележатқан, қиыуы кеткен өзекті мәселе. Таза судың, тіршіліктің нәрі – екенін ескере отыра, осы, мәселені нақтылы шешуі қашанға созыла бермек-деген, сауал туындайды және осы мәселені жаппай қолғаалуды талап етеміз.;

- Қаламызды, Қостанай қаласы бағытындағы сырт күре жолмен байланыстырып тұрған еліміздің ардақты, бірден-бірегей тарихи тұлғасы - Жұмабек Тәшенов сынды ұлтымыздың мақтанышы атына берілген, даңғылға татыр көшесін, жыл мезгілдеріне қарамай, күндіз-түні тоқтаусыз инерттік материалдар таситын жүк көліктері жүруіне тиым салу (**қысы-жазы шаңнан көзашпаймыз**), жылдамдық есептейтін, камералық құрылғылар, жол белгілерін орнату, ауыр техникалық құрылғылардың үздіксіз жүруінен 2017 жылы реконструкциядан өткізілген жолдың, асфальт-бетон жабындысы деформацияға ұшырап, микрожарықтар, ойпаттар пайда болған, жаяужүргіншілерге арналған тротуардың кейбір аумақтарының төсеніштері (брусчатка) алынып тасталған, шұңқырлар пайда болған учаскелерін ағымдық жөндеуден өткізу, жарықшамдарын айырбастау, автобус аялдамалары павильондарын антивандалдық материалдар пайдалана отырып толығымен жөндеу мәселесі. Сонымен қатар, аялдама павильондарын жөндеуден өткізу кезінде, павильон қабырғаларына, көрнекілік жағын қарастыру мақсатында, пилоттық тұрғыда: Жұмабек Тәшенов сынды ағамыздың өмірбаяны жазылған, фотосуретімен қоса паннолар әзірленіп ілінсе, сонымен қоса, көшенің Қостанай жағынан кіреберіс және Шоқан Уәлиханов көшесі қиылыстарына Жұмабек Тәшеновтың қысқаша өмірбаяны, фотосуретімен қоса түнде жанып тұратын лайтбокс орнатылса құба-құп болар еді.;

- Сонымен қатар, алдағы уақытта қала көшелеріне есімдері берілген ұлт мақтаныштарын кеңінен танымал ету мақсатында суретімен, қысқаша өмірбаяны, қарасөздері, нақылсөздері жазылған лайтбокстар: көше қиылыстарына, автобус аялдамалары павильондарында орналастыру жауапты мемлекеттік мекемелердің жұмыс жоспарына кіргізілуі керек.

Бұл, мәселе негізі ұмытылмауы тиіс деп ойлаймын, өйткені, өткенін саралап, бағаламаған, лайықты бағасын бермеген елдің, ертеңі болмайды, болсада бұлыңғыр – деп, бұрынғы өткен атабабаларымыз текке айтпаған.

Негізінен, саналы, салиқалы, ата-баба салт-дәстүрімен суалып, тәрбиеленген ұл-қыз өсіру арқылы еліміздің ертеңі, болашағының түпқазығы қаланатынын қаперден шығаруға болмайтынын ұмытпаған дұрыс. Дегенмен, соңғы жылдары, ана тілімізді пайдалану аясының кеңейуімен қатар, бүгінгі күндері мемлекеттік органдарда 99 процент титулды ұлт өкілдерінің болу басымдығына қарамай, жаппылама басқа тілде, орысша сөйлеу үрдісі модаға айналып отыр, мұны мойындаған абзал. Өкінішке орай, бұл, үрдіс орталық атқарушы органдардан бастап, жергілікті атқарушы органдарда кеңінен орыналып, қанатын жаюда. Өткен 2022 жылы қараша айында, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Ақмола облысы бойынша департаментінің мемлекеттік

қызметшілердің оң беделін қалыптастыру мақсатында ақпараттық жұмыстарды тұрақты негізде жүргізу аясында, бір күндік видеотүсірілім мен интервью беру кезінде, өз тарапымнан «Қазақ тілін кең аудиторияда, ауқымды пайдалану арқылы мәртебесін көтеру» мақсатында мемлекеттік органдарда, «әр аптаның жұма күнін теккана қазақ тілінде сөйлеу күні» - деп, жариялап одан әрі іс-шаралар қабылдауды ұсынған болатынмын. Әрине, кезінде зұлмат заманда, 40 тан астам, ұлт-ұлыс өкілдеріне пана болып, соңғы бірүзім нанын баласының аузынан жырып, жераударылып келген жандармен бөліскен, мыңдаған жанға пана болған бірегей ұлттың тілін жетімсірету, менсінбеу еш сын көтермесі анық, соның ішінде қазақ бола тұрып, бір-бірімен бөгде тілде пікіралысып, сөйлесу сорақылық дегеннен басқа теңеу жоқ па деп, ойлайды саналы жан. Осы бағытта, қазақ тілінің пайдалану аясын кеңейту және ұлтаралық келісімдерді нығайту мақсатында, бәріміз жаппай атсалысып, соның ішінде Қазақстан Республикасы Президент Әкімшілігі тарапынан өңірлердегі Ұлттар Ассамблеялары, Қоғадық кеңестер жұмыстарын жандандырса болар еді. Қазақ тіліне деген құрмет - ол, бүкүл қазақ халқына деген, риясыз көңіл, құрмет болар еді. Қазіргі кезде, осы жұмыстар теккана, ресми қағаз, статистика көрсеткішіғана болып отыр. Қандай деңгейде болмасын, мәжіліс, ілездемелер, хаттамалық отырыстар бастапқыда ресми сәлемдесу мен алғы сөзден кейін, одан әрі орыс тілінде жүргізілу үрдісі қалыптасуда.

Тәрбие басы-талбесік-демекші, өскелең ұрпаққа ана тілді, қазақы сал-дәстүрді бойына молынан сіңіру, тәрбиелік максатында қала орталығы, ықшамаудандар, саябақтар мен аллеяларда, үзілістерде жалпы білімберу, жоғары оқу орындарында жалпы қазақ елінің үнжариясы: «Қазақ», «Шалқар» ұлттық радиолары трансляциясы үздіксіз жүргізілуі қалыпты түрде жолға қойылса, соңғы кезде елімізде, алыс-жақын шетелдерде көрсетілімі бойынша жоғарғы рейтингтен орынлалып отырған тарихи туындылар: «Ахмет-ұлт ұстазы».; Міржақып Дулатұлы жайлы түсірілген «Оян қазақ» фильмдерін қаламыздың кеңформатты кинотеатрларынан көрсетілімін жалғастырса өте жөн болары хақ.

Құрметті әріптестер, осындай әлемдегі көркемдігі, мәнері, оқылуы, айтылуы жағынан ең бай тілімізді есіктен сығалатып, жетімсіреткеніміз, біздерге үлкен сын, алдағы уақытта осы төңіректе аянбай еңбек етуіміз керек: «Тілін жоғалтқан ел – елдігінен айырылатынын» ұмытпағанымыз абзал. Тәуелсіздігіміз мәңгі жасасын елміз аман жұртымыз тыныш болсын-деген, ізгі тілек, құрметпен.

**Көкшетау қаласының тұрғыны,**

**Балтабайұлы Марат**

3 қараша 2023 жыл

**КӨКШЕТАУ ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ**

**ПРЕДСЕДАТЕЛЬ КОКШЕТАУСКОГО ГОРОДСКОГО МАСЛИХАТА**

020000, Көкшетау қаласы, Әуезов көшесі, 141
тел.: 8 (7162) 25-66-10, факс: 8 (7162) 25-78-80
e-mail: gor_kokshemaslihat@mail.ru

020000, город Кокшетау, ул. Ауэзова 141
тел.: 8 (7162) 25-66-10, факс: 8 (7162) 25-78-80
e-mail: gor_kokshemaslihat@mail.ru

20. 11. 2023 № 01-12/612

**Көкшетау қаласының әкімі**
**Б.С.Ғайсаға**

**Құрметті Бауржан Сейітқалиұлы!**

Көкшетау қалалық мәслихатына және Көкшетау қаласының Қоғамдық кеңесіне азамат М.Б. Айжарықовтың өтініші келіп түсті, ол қаланың мәселелерін, оларды шешу жөніндегі өз көзқарасын сипаттайды.

Азамат Айжарықов М.Б. басқа адамдар мен жалпы қоғамның мәселелеріне бей-жай қарамайтын еліміздің патриоттарының бірі.

М.Б. Айжарықовтың өтінішінде баяндалған ұсыныстарды жұмыста ескеруіңізді сұраймын.

*Өтініштің көшірмесі қоса беріледі.*

Құрметпен,

**Д.Әкімов**

*Орынд: Туребекова Б.М.*
*Апенова А.С.*
*Тел: 29- 78- 84*

Сериялық нөмірсіз бланк ЖАРАМСЫЗ ДЕП ТАНЫЛАДЫ. Қызмет бабындағы мақсат үшін көшірмесі шектеулі мөлшерде жасалады, белгіленген тәртіппен БЕКІТІЛЕДІ және ЕСЕПКЕ АЛЫНАДЫ.
Бланк без серийного номера НЕДЕЙСТВИТЕЛЕН. Копии при служебной [illegible]ходимости делаются в ограниченном количестве, ЗАВЕРЯЮТСЯ и УЧИТЫВАЮТСЯ в установленном порядке.

002560

В Кокшетауский городской маслихат и Общественный совет города Кокшетау поступило обращение от гражданина Айжарыкова М.Б., который описывает проблемы города, свое видение по их решению.

Гражданин Айжарыков М.Б. один из патриотов нашей страны, который неравнодушен к проблемам других людей и общества в целом.

Прошу вас учесть в работе предложения, которые изложены в обращении Айжарыкова М.Б.

*Копия обращения прилагается.*

**КӨКШЕТАУ ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ**

**ПРЕДСЕДАТЕЛЬ КОКШЕТАУСКОГО ГОРОДСКОГО МАСЛИХАТА**

020000, Көкшетау қаласы, Әуезов көшесі, 141
тел.: 8 (7162) 25-66-10, факс: 8 (7162) 25-78-80
e-mail: gor_kokshemaslihat@mail.ru

020000, город Кокшетау, ул. Ауэзова 141
тел.: 8 (7162) 25-66-10, факс: 8 (7162) 25-78-80
e-mail: gor_kokshemaslihat@mail.ru

20.11.2023 № 01-13/614

**«Көкшетау қаласының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» ММ басшысы К.Оразбаеваға**

**«Көкшетау қаласының ішкі саясат бөлімі» ММ басшысы Б.Темірболатқа**

**«Көкшетау қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ басшысы А.Б. Рақымжановқа**

**Көкшетау қаласының полиция басқармасының басшысы Ж.Ешимовқа**

**«Көкшетау Су арнасы» ШЖҚ МКК бас директоры Ю.Шенгальцқа**

Көкшетау қалалық мәслихатына және Көкшетау қаласының Қоғамдық кеңесіне азамат М.Б. Айжарықовтың өтініші келіп түсті, ол қаланың мәселелерін, оларды шешу жөніндегі өз көзқарасын сипаттайды.

Азамат Айжарықов М.Б. басқа адамдар мен жалпы қоғамның мәселелеріне бей-жай қарамайтын еліміздің патриоттарының бірі.

Сериялық нөмірсіз бланк ЖАРАМСЫЗ ДЕП ТАНЫЛАДЫ. Қызмет бабындағы мақсат үшін көшірмесі шектеулі мөлшерде жасалады, белгіленген тәртіппен БЕКІТІЛЕДІ және ЕСЕПКЕ АЛЫНАДЫ.
Бланк без серийного номера НЕДЕЙСТВИТЕЛЕН. Копии при служебной необходимости делаются в ограниченном количестве, ЗАВЕРЯЮТСЯ и УЧИТЫВАЮТСЯ в установленном порядке.

002559

М.Б. Айжарықовтың өтінішінде баяндалған ұсыныстарды жұмыста ескеруіңізді сұраймын.

*Өтініштің көшірмесі қоса беріледі.*

**Д.Әкімов**

*Орынд: Туребекова Б.М.*
*Апенова А.С.*
*Тел: 29- 78- 84*

В Кокшетауский городской маслихат и Общественный совет города Кокшетау поступило обращение от гражданина Айжарыкова М.Б., который описывает проблемы города, свое видение по их решению.

Гражданин Айжарыков М.Б. один из патриотов нашей страны, который неравнодушен к проблемам других людей и общества в целом.

Прошу вас учесть в работе предложения, которые изложены в обращении Айжарыкова М.Б.

*Копия обращения прилагается.*

**КӨКШЕТАУ ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ**

**ПРЕДСЕДАТЕЛЬ КОКШЕТАУСКОГО ГОРОДСКОГО МАСЛИХАТА**

020000, Көкшетау қаласы, Әуезов көшесі, 141
тел.: 8 (7162) 25-66-10, факс: 8 (7162) 25-78-80
e-mail: gor_kokshemaslihat@mail.ru

020000, город Кокшетау, ул. Ауэзова 141
тел.: 8 (7162) 25-66-10, факс: 8 (7162) 25-78-80
e-mail: gor_kokshemaslihat@mail.ru

20.11.2023 №01-16/613

**М.Б. Айжарықовқа**
*Көкшетау қ.,*
*Қуанышев көш. 103 А үй, 3 пәтер*

Көкшетау қалалық мәслихатына және Көкшетау қаласының Қоғамдық кеңесіне біздің қаламыздың мәселелеріне қатысты келіп түскен өтінішіңізге келесіні хабарлаймын.

Көкшетау қаласының дамуы мен өркендеуі үшін өте өзекті және қажетті ұсыныстарыңыз үшін Сізге зор алғыс білдіреміз.

Біздің міндетіміз – проблемаларды тыңдау және оларды шешудің жолдарын табуға тырысу.

Сіздің ұсыныстарыңызды Көкшетау қалалық мәслихатының депутаттары және Көкшетау қаласының Қоғамдық кеңесінің мүшелері назарға алды және одан әрі жұмыста қолданылатын болады.

Сіздің өтінішіңіз жұмыста пайдалану үшін қала әкіміне және басқа да мемлекеттік органдарға жіберілгені туралы қосымша хабарлаймын.

Осы жауаппен келіспеген жағдайда, Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 91-бабына сәйкес сіз оған шағымдануға құқылысыз.

*Көшірме қоса беріледі.*

**Д.Әкімов**

*Орынд: Апенова А.С.*
*Туребекова Б.М.*

*Тел: 29- 78- 84*

Бланк без серийного номера НЕДЕЙСТВИТЕЛЕН. ЗАВЕРЯЮТСЯ и УЧИТЫВАЮТСЯ в установленном порядке.

002556

На Ваше обращение, поступившее в Кокшетауский городской маслихат и Общественный совет города Кокшетау касательно проблем нашего города сообщаю следующее.

Выражаем Вам огромную благодарность за Ваши предложения, которые очень актуальны и необходимы для развития и процветания города Кокшетау.

Наша задача – услышать проблемы и попытаться найти пути их решения.

Ваши предложения были приняты во внимание депутатами Кокшетауского городского маслихата и членами Общественного совета города Кокшетау и будут применяться в дальнейшей работе.

Дополнительно сообщаю Вам о том, что Ваше обращение было направлено акиму города и другим государственным органам для использования в работе.

В случае несогласия с данным ответом, согласно ст.91 Административного процедурно-процессуального Кодекса Республики Казахстан Вы вправе его обжаловать.

*Копия прилагается.*